

**«NESTLÉ. ДЕНІ САУ БАЛАМЕН» САЛАУАТТЫ БАСТАМА» БАЙҚАУЫ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕЛЕР**

**"САЛАУАТТЫ ТАМАҚТАНУ МЕКТЕБІ" БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА (NESTLÉ FOR
HEALTHIER KIDS ЖАҒАНДЫҚ БАСТАМАСЫНЫҢ БӨЛІГІ)**

Байқауға Тапсырыс беруші:

«Нестле Фуд Казахстан» ЖШС (БСН 040740000547; Орналасқан жері – Алматы қ.)

Байқауды Ұйымдастырушы:

«JAM Agency Corp» ЖШС (БСН 120140010163; Орналасқан жері – Алматы қ.)

1. Жалпы ережелер

Бұл «Nestlé. Дені сау баламен» Салауатты бастама» байқауы (бұдан әрі - "**Байқау**") туралы ережелер Байқауды ұйымдастырудың және өткізудің мақсаттары мен міндеттерін, тәртібін айқындайды, байқауға ұсынылатын материалдарға қойылатын талаптарды, оларды бағалау өлшемшарттарын, жеңімпаздарды айқындау және марапаттау тәртібін белгілейді.

2. Байқаудың мақсаттары мен міндеттері

- 2.1. Байқаудың мақсаты: қазақстандық мектеп оқушыларының отбасыларында салауатты өмір салты мәдениетін ілгерілету.
- 2.2. Байқаудың міндеттері: балаларды салауатты өмір салтын ұстануға шақыру, балалар мен ата-аналарды бірге пайдалы уақыт өткізуге шақыру.

3. Байқау шарттары

Байқау 4 кезеңде өтеді.

- 3.1. Байқауды өткізу аумағы – Қазақстан Республикасы.
- 3.2. Байқауды өткізу мерзімдері: қорытындыларды шығаруды және нәтижелерді жариялауды қоспағанда, 22.09.2025 – 31.10.2025 ж.
- 3.3. Байқауға қатысушылар

Байқауға сайтта тіркелген Қазақстан Республикасы Білім беру ұйымдарының 7 жастан 13 жасқа дейінгі оқушыларының отбасылары қатыса алады. Жұмыстар <https://www.prav-pit.kz> / сайтында байқау бетіне жүктелуі керек.

- 3.4. Байқау жұмыстары

Байқауға қатысушылардың отбасыларында нақты кезеңнің тақырыбына сәйкес келетін салауатты өмір салты ережелерінің қалай сақталатынын көрсететін фотосуреттер (бұдан әрі - "**Жұмыс**") қабылданады

- 3.5. Байқау жұмыстарына қойылатын талаптар

Байқау жұмыстары Ережеде көрсетілген талаптарға толық сәйкес келуі тиіс.

Байқауға қатысу кезінде келесі материалдар қабылданбайды:

- 1 (бір) мегабайттан асатын;
- Байқауға қатысушылардың авторлық жұмыстары болып табылмайтын;
- "Nestlé" брендінің немесе кейбір басқа компаниялардың тауар белгісінің логотипінің,

өнімдерінің және/немесе өзге де атауларының бейнесі бар.

Байқауға қатыса отырып, Қатысушылардың ата-аналары немесе заңды өкілдері, сондай-ақ басшылығымен жұмыс орындалатын педагогтер өздері ұсынған жұмыстардың қайтарылмайтындығымен және оларды Тапсырыс беруші мен Ұйымдастырушы арнайы педагогикалық баспасөзде, Интернет желісінде орналастыру үшін, ашық іс-шараларда көрсету, демонстрациялық материалдарға енгізу үшін пайдалана алатынымен, "Салауатты тамақтану мектебі" бағдарламасы шеңберінде байқауға арналған және басқа көздерде қосымша келісімсіз және қандай да бір сыйақы төлемей пайдалануға арналған екенімен келіседі.

Қатысушылар өздері жасаған жұмыстардың бұрын көшірілмегеніне, сату немесе өзге де иеліктен шығару жолымен таратылмағанына, көпшілік алдында көрсетілмегеніне, жалпыға ортақ назарға жеткізілмегеніне кепілдік береді. Мұндай материалдарға құқықтар иеліктен шығарылмаған, кепілге қойылмаған, шарттар бойынша өзге тұлғаларға берілмеген.

Қатысушылар өздері жасаған жұмыстардың заңмен қорғалатын басқа туындыны заңсыз қайта өңдеудің мәні болып табылмайтындығына кепілдік береді.

Қатысушылар өздері берген жұмыстардың үшінші тұлғалардың авторлық құқықтары мен өзге де зияткерлік меншік құқықтарын бұзбауын қамтамасыз етеді және үшінші тұлғалар Ұйымдастырушыға Қатысушылар берген материалдарды пайдалануға қатысты талаптар қойған жағдайда, Қатысушылар мұндай талаптарды дербес және өз есебінен реттеуге міндеттенеді.

4. Байқауды өткізу тәртібі

- 4.1. Байқау 4 кезеңде өтеді.
- 4.2. Байқауға Қатысушылар көрсетілген мерзімде фотосуреттерді орналастырады. Әрбір Қатысушы әр кезеңде 1 фотосуреттен және байқаудың барлық уақытында 4-тен артық емес фотосурет орналастыра алады.
- 4.3. Байқауға Қатысушылар өз қалауы бойынша бір немесе бірнеше кезеңге қатыса алады.
- 4.4. Қатысушы кез келген кезеңде Байқауға қосыла алады.
- 4.5. "Супер-жүлде" номинациясына қатысу үшін Қатысушыларға байқаудың барлық 4 кезеңінен өту қажет.
- 4.6. Қатысушы жүктелген жұмыстарды дедлайнға дейін өңдеуге құқылы.
- 4.7. Барлық орналастырылатын фотосуреттер модерация рәсімінен өтеді (жұмыстың байқаудың тиісті кезеңінің тақырыбына, осы Ережелерге және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкестігіне тексеру жүргізу). Модерацияны Ұйымдастырушы жүргізеді. Ұйымдастырушы жұмыстың байқау кезеңінің тақырыбына, осы Ережелерге және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкестігін/сәйкес еместігін дербес айқындайды). Тексеру (модерация) кезінде Ұйымдастырушы жұмыстарды техникалық түзетуге құқылы, яғни байқау сайтының техникалық талаптарына және/ немесе стилистикасына сәйкестендіру мақсатында түстердің көрсетілуін өзгерту. Байқауға Қатысушылар жұмыстарды жібере отырып, жұмыстарды осындай өзгертуге өз келісімдерін береді.
- 4.8. Ұйымдастырушы тарапынан қазылар алқасы жеңімпаздарды келесі критерийлер бойынша таңдайды: тақырыпқа сәйкестік, шығармашылық, балалар мен отбасының қатысуы.
- 4.9. Нәтижелер <https://www.prav-pit.kz/> сайтында жарияланады.
- 4.10. Әр кезеңде көрермендердің дауыс беруі өтеді.
Жеңімпаздар пайдаланушылардың лайк саны бойынша анықталады.
- 4.11. Байқауға Instagram арқылы да қатысуға болады.

4.12. Instagram-дағы Байқау шарттары:

- Instagram байқауына Қатысушылар аптаның тапсырмасын орындайды және жариялайды
- #ЧелленджNestlé хэштегімен 1 фото немесе 1 видео.
- Байқауды өткізудің барлық мерзімі ішінде Instagram әлеуметтік желісіндегі Байқауға Қатысушылар өз қалауы бойынша бір немесе бірнеше кезеңге қатыса алады.
- Байқаудың жалпы қорытындыларын шығару шеңберінде Ұйымдастырушы тарапынан қазылар алқасы дауыс беру арқылы байқау кезеңдеріне қойылатын критерийлер мен талаптар шеңберінде жеңімпазды таңдайды.
- Байқау нәтижелері <https://www.prav-pit.kz/> сайтында жарияланады

5. Кезеңдердің мазмұны мен мерзімі

5.1. Кезеңдер

Барлық кезеңдерді өткізу мерзімі: 22.09.2025 – 31.10.2025

1-кезең. Тақырыбы: «Жемістер жарылысы» (22.09.2025 – 01.10.2025). Осы кезеңдегі қорытындылау және көрермендердің дауыс беру мерзімдері – 02-06.10.2025.

- Ата-аналар балаларымен бірге жемістер мен көкөністерден "Тәрелкедегі суретті" - сурет немесе фигура түріндегі аспаздық тағамды дайындайды. Осы кезеңде қатысушылар <https://www.prav-pit.kz/> сайтында 1 фотосуретті жариялай алады.

2-кезең. Тақырыбы: «Суперқаһарманның таңғы асы» (02.10.25 – 11.10.2025). Осы кезеңдегі қорытындылау және көрермендердің дауыс беру мерзімдері – 12-15.10.2025.

- Тапсырма – күн сайын пайдалы таңғы ас дайындау және нәтижелерімен бөлісу. Осы кезеңде қатысушылар <https://www.prav-pit.kz/> сайтында 1 фотосуретті жариялай алады.

3-кезең. Тақырыбы: «Бірге қозғаламыз» (12.10.2025 – 21.10.2025). Осы кезеңдегі қорытындылау және көрермендердің дауыс беру мерзімдері – 22-26.10.2025.

- Тапсырма – таңертеңгі жаттығуды немесе кез-келген физикалық белсенділікті орындау. Қатысушылар жаттығу, жүгіру, велосипед тебу немесе үйде жаттығу кезінде отбасының суреттерін жариялайды. Формат еркін: біреу көңілді отбасылық биді, біреу жаттығу жасауын сала алады. Ең бастысы - күн сайынғы қозғалыс. Осы кезеңде қатысушылар <https://www.prav-pit.kz/> сайтында 1 фотосуретті жариялай алады.

4-кезең. Тақырыбы: «Жасыл қаһармандар» (22.10.2025 – 31.10.2025). Осы кезеңдегі қорытындылау және көрермендердің дауыс беру мерзімдері – 01-03.11.2025.

- Тапсырма – қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауды көрсету. Қатысушылар отбасыларының экологияға қалай қамқорлық жасайтыны туралы фотосуреттермен бөліседі. Мысалы, қоқыстарды сұрыптайды, суды үнемдейді немесе макулатураны тапсырады, қайта өңдеу үшін пластикалық бөтелкелер мен қағаздарды бөледі, әртүрлі материалдар мен заттарды қайта пайдаланады. Осы кезеңде қатысушылар <https://www.prav-pit.kz/> сайтында 1 фотосуретті жариялай алады.

6. Байқауға қатысушыларды көтермелеу

Байқаудың жалпы қорытындысын шығару – 01.11.2025 – 12.11.2025:

- 6.1. Әр кезеңнің қорытындысы бойынша Тапсырыс беруші мен Ұйымдастырушылардың тарапынан қазылар алқасы дауыс беру арқылы жеңімпаздарды бағалы сыйлықтармен марапаттайды. Әр

кезеңде 1 жеңімпаз анықталады.

- 6.2. Тапсырыс беруші мен Ұйымдастырушы тарапынан қазылар алқасының дауыс беруі арқылы байқаудың жалпы қорытындысын шығару шеңберінде байқаудың барлық кезеңдерінен өткен және "Супер-жүлде" номинациясында жеңіске жеткен Қатысушы бағалы сыйлықпен марапатталады.
- 6.3. Байқаудың жалпы қорытындысын шығару шеңберінде Тапсырыс беруші мен Ұйымдастырушы тарапынан қазылар алқасының дауыс беруі арқылы ең белсенді бір сыныптың оқушылары естелік сыйлықтармен марапатталады.
- 6.3. Барлық кезеңдердің қорытындысы бойынша көрермендердің дауыс беруінде ең көп дауыс жинаған 2 (екі) Қатысушы бағалы сыйлықтармен марапатталады. Егер байқауға Қатысушылардың жұмыстары барынша көп дауысты тең жинаған жағдайда, Көрермендер көзайымы жүлдесін алушы күні мен уақыты бойынша бірінші болып көп дауыс жинаған Қатысушы болып танылады.
- 6.4. Ұйымдастырушы тарапынан қазылар алқасының дауыс беруі арқылы байқаудың жалпы қорытындысын шығару шеңберінде Instagram әлеуметтік желісіндегі байқаудың жеңімпазы бағалы сыйлықпен марапатталады.

7. Жүлделер*

Жемістер жарылысы:

1 орын – блендер;

2 орын және 3 орын – тұрмыстық техника дүкеніне сертификаттар;

Суперқаһарманның таңғы асы:

1 орын – аэрогриль;

2 орын және 3 орын – тұрмыстық техника дүкеніне сертификаттар;

Бірге қозғаламыз:

1 орын – фитнес-білезік;

2 орын және 3 орын – тұрмыстық техника дүкеніне сертификаттар;

Жасыл қаһармандар:

1 орын – отбасылық пикник жиынтығы;

2 орын және 3 орын – тұрмыстық техника дүкеніне сертификаттар;

«Супер-жүлде» номинациясының жеңімпазы – Ақылды баған.

"Көрермендер көзайымы" номинациясының жеңімпаздары – тұрмыстық техника дүкеніне сертификаттар.

«Супер-сынып» номинациясының жеңімпазы – әр сынып оқушысына арналған есте қаларлық брендтік жиынтықтар.

Инстаграмдағы байқау жеңімпазы - Планшет

* Жүлделер сайттағы суреттерден көрнекі түрде ерекшеленуі мүмкін

8. Жеке деректер

- 8.1. Байқауға қатыса отырып, Қатысушы оның ата-анасы немесе заңды өкілдері атынан осы байқаудың мақсаттарын іске асыру үшін Ұйымдастырушыларға берілген Қазақстан Республикасының

заңнамасына сәйкес оның дербес деректерін өңдеуге келіседі.

- 8.2. Келісімнің қолданылу мерзімі: байқау өткізу барысында және ол аяқталғаннан кейін 1 (бір) жыл.

9 Байқаудың қолдау қызметінің байланыстары

- 9.1. Байқауға қатысу шеңберінде қолдау алу үшін Қатысушы WhatsApp мессенджеріне +7 705 667 3649 нөмір бойынша жаза алады.

10. Байқау жеңімпаздарына жүлделер беру тәртібі мен мерзімі

- 10.1. Әрбір кезең бойынша байқаудың қорытындылары шығарылғаннан кейін, сондай-ақ барлық байқаудың қорытындылары шығарылғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірін, тұрғылықты жерінің толық мекенжайын, жасын және байқауға қатысты басқа ақпаратты қоса алғанда, жеңімпаздың дербес деректерін нақтылау үшін байқаудың қолдау қызметінің операторлары жеңімпаздармен сайтта көрсетілген телефон бойынша байланысқа шығады.
- 10.2. Нақты жүлделер 2025 жылғы 15 қарашаға дейін Қатысушылардың қоңырау барысында көрсетілген деректеріне сәйкес курьерлік қызметтің көмегімен жеке қолына есікке дейін жеткізілетін болады. Жүлдені алған кезде Жеңімпаз жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасын жеке өзі көрсетуі тиіс. Басқа жағдайда жүлдені беруден бас тартылады.
- 10.3. Егер байқауды Ұйымдастырушы қорытынды шығарылған күннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде байланыс деректерін нақтылау үшін сыйлық алушымен байланыса алмаса, мұндай жеңімпаз мұндай сыйлықты алу құқығынан айырылады және байқауды Ұйымдастырушы мұндай сыйлықты өз қалауы бойынша билік етуге құқылы.
- 10.4. Пошта жөнелтілімдерін төлеу, сондай-ақ байқау жеңімпаздарын тұратын қалаларда (жергілікті жерлерде) жүлделерді жеткізу бойынша барлық шығыстарды Байқау Ұйымдастырушысы өзіне алады.
- 10.5. Байқау жеңімпаздары осы Ережеде көзделген шарттарды орындамаған және жүлделерді алу мерзімдерін сақтамаған кезде тиісті жүлдені беруден бас тартылуы және/немесе байқау жеңімпазы тиісті жүлдені алу құқығынан айырылуы мүмкін.
- 10.6. Жүлделер Байқауға Қатысушыларға осы Ережеде көзделген тәртіптен бөлек тәртіппен берілмейді, оның ішінде жүлделер ақшалай баламада берілмейді.

11. Қорытынды ережелер

- 11.1. Қатысушы осы Ереженің барлық тармақтарымен толық келісімін, осы Ереженің барлық шарттарын түсіну фактісін және Тапсырыс беруші мен Ұйымдастырушының бұл туралы байқаудың әрбір Қатысушысын алдын ала жазбаша хабардар етпей, осы Ережеге біржақты тәртіппен өзгерістер енгізуге құқылы екендігімен келісімін растайды. Байқауға Қатысушы / Байқау жүлделерін алушы кез келген жағдайда Ережені өзгертуді талап етуге құқылы емес.
- 11.2. Байқауды өткізуге байланысты туындайтын барлық даулы мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының ережелері негізінде реттеледі.